

Қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау қағидаларын, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесін, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын үйымның өтінішті қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 82 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 шілдеде № 23630 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 49 (31.08.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.10.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-2-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау қағидалары, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын үйымның өтінішті қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібін бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 49 (31.08.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеленген кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Каржы нарығын реттеу және дамыту  
Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

Қазақстан Республикасының  
Каржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі  
Басқармасының  
2021 жылғы 16 шілдедегі  
№ 82 қаулысымен бекітілді

**Қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау қағидалары, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын үйымның өтінішті қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібі**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - КР Каржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 49 (31.08.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау қағидалары, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын үйымның өтінішті қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібі (бұдан әрі – Қағидалар) "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Микроқаржылық қызмет туралы заң) 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын үйымның қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесін, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын үйымның өтінішті қарау нәтижелері туралы қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды (бұдан әрі - уәкілетті орган) хабардар ету тәртібін айқындауды.

Қағидаларда Микроқаржылық қызмет туралы заңда көрсетілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) берешек – қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шартта көзделген негізгі борыштың қалдық сомасын, есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны, айыпақыны (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) қоса алғанда, микрокредит бойынша борыш сомасы;

2) қарыз алушы – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын үйиммен микрокредит беру туралы шартты жасаған жеке тұлға;

3) микроқаржы ұйымы – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым – микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 49 (31.08.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**2-тaraу. Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті қарау тәртібі**

2. Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) қарыз алушы микрокредит берген микроқаржы ұйымына Микроқаржылық қызмет туралы заңның 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес береді. Өтінішке міндеттемені орындау мерзімін өткізудің туындауына әкеп соққан мән-жайларды (фактілерді), кірістер туралы мәліметтерді және өтінішті беруді негіздейтін басқа да мән-жайларды (фактілерді) растайтын құжаттар қоса беріледі. Қарыз алушының өтінішін қарау және микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізуге әкеп соққан мән-жайларды (фактілерді) растау үшін қажетті құжаттардың тізбесі (бұдан әрі – Құжаттар тізбесі) Қағидаларға 1-1-косьымшада айқындалады.

Микроқаржылық қызмет туралы заңның 9-2-бабының 2-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін өтініш микрокредит беру шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы заңды қүшіне енген сот актісі, атқарушы жазба, татуласу келісімі немесе микрокредит беру шарты бойынша берешекті реттеу үшін не микрокредит беру шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін медиация тәртібімен жасалған дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім болмаған, сондай-ақ микрокредит беру шарты бойынша құқықты (талапты) микроқаржы ұйымы үшінші тұлғага бермеген жағдайда беріледі.

Микроқаржы ұйымының өтінішті қарауы қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті не оның бір бөлігін біржолғы өтеу талабын белгілемей жүзеге асырылады.

Қарыз алушы микроқаржы ұйымымен келісім бойынша микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешекті, не оның бір бөлігін микроқаржы ұйымы өтінішті қарағанға дейін дербес өтеуге құқылы.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.01.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 49 (31.08.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

3. Қарыз алушының өтініші міндettі түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және микроқаржы ұйымының қарауына жатады.

4. Қарыз алушы құжаттар мен мәліметтерді толық ұсынбаған кезде микроқаржы ұйымы Құжаттар тізбесіне сәйкес, өтінішті қарау үшін қажетті, міндettемені орындау мерзімін өткізу дің туындау себептерін, кірістер туралы мәліметтерді және өтінішті беруді негіздейтін басқа да мән-жайларды (фактілерді) растайтын, жетіспейтін құжаттарды сұратады.

Қарыз алушы сұратылған құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Сұратылған құжаттарды көрсетілген мерзімде ұсынбау қарыз алушының өтінішін қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады, бұл туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 49 (31.08.2025 қолданысқа енгізіледі)  
қаулысымен.**

5. Микроқаржы ұйымы (ломбардты қоспағанда) қарыз алушының төлем қабілеттілігін есептеу кезінде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 215 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19670 болып тіркелген) Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым қарыз алушысының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларының және шекті мәнінің талаптарын басшылықта алады.

6. Микроқаржы ұйымы Микроқаржылық қызмет туралы заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген өтінішті алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті қарайды және жазбаша нысанда, сондай-ақ микроқаржы ұйымына "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген идентификаттау құралдарын қолдану арқылы не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен қарыз алушыны идентификаттауды жүзеге асыру мүмкіндігін беретін ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) арқылы қарыз алушыға мынадай шешімдердің бірі туралы хабарлайды:

1) микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;

2) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту жөніндегі өз ұсынысы туралы;

3) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұндай бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы хабарлайды.

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың ағымдағы талаптары бойынша міндettемелердің

орындалмауына әкеп соққан мән-жайларды құжаттамалық растаған кезде қарыз алушының әлеуметтік және қаржылық жағдайын ескере отырып, оның борыш жүктемесінің төмендеуін қамтамасыз ететін талаптармен жүзеге асырылады.

Микроқаржы үйымы Микроқаржылық қызмет туралы заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген өтінішті қараған кезеңде микроқаржы үйымы микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етпейді.

Микроқаржы үйымы және қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістермен келісетіні туралы шешім қабылдаған кезде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі мен мерзімдері микроқаржы үйымның ішкі құжатында айқындалады, бұл ретте мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі микроқаржы үйымы осындаш шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды. Бұл мерзім микроқаржы үйымына байланысты емес себептер бойынша микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге кедергі келтіретін жағдайларға қолданылмайды және олар жойылғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

Микроқаржы үйымы микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстарын жіберген кезде қарыз алушының микроқаржы үйымы ұсынған микрокредит беру туралы шартты өзгерту талаптарына жауап беру мерзімі микроқаржы үйымының хатында көрсетіледі және қарыз алушы микроқаржы үйымының шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

Микроқаржы үйымы мен қарыз алушы арасында микроқаржы үйымының осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеуі микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Бұл мерзім екі тараптың келісімі болған жағдайда ұзартылуы мүмкін.

Микроқаржы үйымы:

1) қарыз алушының өтінішпен жүгінген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген орташа айлық табысының қарыз алушының өтінішпен жүгінген немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген кезде "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына (бұдан әрі – ХӘОТ) жататын;

2) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен қарыз алушы-жеке тұлға микрокредит беру туралы шарттың талаптарына Микроқаржылық қызмет туралы заңның 9-2-бабының 2-тармағының бірінші бөлігінің 1 -1) тармақшасында және (немесе) 2) тармақшасында көзделген өзгерістер енгізу туралы өтініш берген кезде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қабылдайды.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған сәттен бастап жиырма төрт ай ішінде қарыз алушының міндеттемесін төмендетуді, оның ішінде айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) толық жоюды қамтамасыз ететін талаптарда берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер жүзеге асырылмаған жағдайда, құқықты (талапты) коллекторлық агенттікке беруге жол берілмейді.

Микроқаржы ұйымы тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмейтін мерзімде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға мынадай:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушы-жеке тұлғалардың қаралған өтініштері туралы, микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарына енгізілген өзгерістер туралы;

3) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту себептері туралы ақпарат ұсынады.

**Ескерту. 6-тармақ тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 05.08.2024 № 49 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 49 (31.08.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

**3-тaraу. Мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне негізгі борыш пен сыйақы бойынша мерзімді әскери қызмет өткери мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күнді қамтитын кезеңге сыйақы есептемей төлемді кейінге қалдыруды ұсыну тәртібі**

**Ескерту. Қағидалар 3-taraumen толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 05.08.2024 № 49 (20.08.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Микроқаржы ұйымы кредиттік бюородан мерзімді әскери қызметке шақырылған қарыз алушылар (бұдан әрі – қарыз алушы - әскери қызметші) бойынша мәліметтерді алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды (бұдан әрі – төлемді кейінге қалдыру) мерзімді әскери қызмет өткери мерзімін қамтитын кезеңге және ол аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күнге микрокредит бойынша сыйақы есептемей ұсынады, бұл туралы қарыз алушы-әскери қызметшіні жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен хабардар етеді.

Төлемдерді кейінге қалдыру микрокредит мерзімін ұлғайта отырып және төлемдер мөлшерін сақтай отырып, микрокредит беру туралы шартқа немесе кепіл шартына қосымша келісімдерге қол қоймай, микроқаржы үйымы айқындастын тәсілмен ұсынылады. Микрокредит мерзімін ұлғайту туралы талап микрокредитті мерзімінен бұрын өтеу (қайтару) кезінде қолданылмайды.

Төлемдерді кейінге қалдырудан бас тартқан кезде қарыз алушы-әскери қызметші (сенімхат бойынша қарыз алушы-әскери қызметшінің муддесінде әрекет ететін үшінші тұлға) микроқаржы үйымының хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде жазбаша нысанда не ақпараттандыру объектілері арқылы не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен бас тарту туралы өтініш жібереді. Микроқаржы үйымы аталған өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қарыз алушыны микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен төлемдерді кейінге қалдырудың күшін жою және микрокредит бойынша сыйақыны есептеудің қайта басталуы туралы хабардар етеді.

Қарыз алушы-әскери қызметші әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін мерзімді әскери қызметтен босатылған кезде микроқаржы үйымы оны әскери бөлімнің тізімдерінен алып тастаған күннен бастап 60 (алпыс) күн өткен соң төлемдерді кейінге қалдыруды тоқтатады және микрокредит бойынша сыйақыны есептеуді қайта бастайды, бұл туралы оны жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен хабардар етеді.

Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушы-әскери қызметші бойынша микроқаржы үйымы мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күнді қамтитын кезеңге Микроқаржылық қызмет туралы заңының 7-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасында және (немесе) 9-2-бабының 5-тармағында көзделген шараларды қолданбайды (қолдануды тоқтата турады).

Қарыз алушы-әскери қызметші әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін мерзімді әскери қызметтен босатылған кезде микроқаржы үйымы оны әскери бөлімнің тізімдерінен алып тастаған күннен бастап 60 (алпыс) күн өткен соң Микроқаржылық қызмет туралы заңының 7-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасында және (немесе) 9-2-бабының 5-тармағында көзделген шараларды қолдануды қайта бастайды.

Осы тараудың талаптары заңды күшіне енген сот актісі, микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы атқарушы жазбасы, татуласу келісімі немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеу не микрокредит беру

туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін жасалған дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бар микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды.

2021 жылғы 16 шілдедегі  
№ 82 Микрокредит беру туралы  
шарттың талаптарына  
өзгерістерді қарау  
қағидаларына  
1-қосымша

Ескерту. Қағидалар 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.01.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

(картыз алушының аты-жөні)  
Мекенжайы: \_\_\_\_\_

### Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуден бас тарту

"\_\_\_\_\_ " акционерлік қоғамы/шаруашылық серіктестігі (бұдан әрі – Кредитор) Сіздің \_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_. жылғы № \_\_\_\_\_. Микрокредит беру туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарына өзгерістер енгізу туралы \_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_. жылғы өтінішінде (\_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_. жылғы кіріс № \_\_\_\_\_. ) жауап ретінде мынаны хабарлайды.

"Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Кредитор Сізге

---

(бас тарту себебінің негізdemесін көрсету)

байланысты Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тартады.

Кредитордың уәкілетті тегі, аты, тұлғасы әкесінің аты (ол бар болса)

\* Қарыз алушыда банк операциярының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда микрокредит беру туралы бірнеше шарт болған жағдайда, әрбір Шарт бойынша бас тарту беріледі.

Қарыз алушы-жеке тұлғаның  
микрокредит беру шарттының  
талаптарына өзгерістер енгізу  
туралы өтінішін қарау  
қағидаларына, оған қоса  
берілетін құжаттар тізбесіне,  
сондай-ақ микроқаржылық  
қызметті жүзеге асыратын  
ұйымның өтінішті қарау

нәтижелері туралы уәкілетті  
органды хабардар ету тәртібіне  
1-1-қосымша

Қарыз алушының өтінішін қарау және оның санатын және микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу жағдайларының орындалмауына алып келген өмірлік мән-жайды растау үшін қажетті құжаттар тізбесі:

жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама және (немесе) қарыз алушының жұмыс орнынан соңғы алты бойынша кірісі туралы анықтама немесе қарыз алушының ақшасының түсі және қозғалысы туралы үзінді көшірме;

жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы, жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы актісі немесе қарыз алушының еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама/парақ;

жалақының мөлшерін және Бірынғай жинақтаушы зейнетакы қорынан үзінді көшірмені көрсете отырып, жұмыс орнынан анықтама;

қарыз алушының жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыста, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша еңбекақысы сақталмайтын демалыста екенін растайтын құжат;

қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама, сондай-ақ қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік/анықтама;

жалдау ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері көрсетілген нотариалды куәландырылған жалдау шарты;

жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері нәтижесінде қарыз алушыға материалдық зиян келтірілгенін растайтын құжаттар (айналымдағы тауарларды немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қарыз алушы пайдаланған өзге де мүлікті ұрлау);

форс-мажорлық мән-жайлардың басталу фактісін растайтын ресми құжаттар;

мүгедектік туралы анықтама;

уәкілетті мемлекеттік органның қарыз алушының шоттарына тыйым салу туралы шешімі;

инкассолық өкім;

сот актілері;

қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын өзге де құжаттар.

2021 жылғы 16 шілдедегі  
№ 82 Микрокредит беру туралы  
шарттың талаптарына  
өзгерістерді қарау  
қағидаларына  
2-қосымша

Ескеरту. Қағидалар 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.01.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Қарыз алушы - жеке тұлғалардың қаралған өтініштері туралы, микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу (ұйымның атауы) туралы ақпарат, \_\_\_\_\_ жылғы 1 \_\_\_\_\_ жағдай бойынша (есепті жылдың басынан бастап өсті)

(сомалар мың теңгемен)

Қарыз түрі		Келіп түскен өтініштер					
		Барлығы			Олардың ішінде ХЭОТ*		
		қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
A		1	2	3	4	5	6
1.	Кепілсіз микрокредиттер						
1.1	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы заңынң 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес келетін микрокредиттер						
2.	Кепілді микрокредиттер						
2.1	оның ішінде ипотека-мен қамтамасыз етілген						

\* ХЭОТ – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар.

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізілді				Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуден бас тартылды			
Барлығы		Олардың ішінде ХЭОТ		Барлығы		Олардың ішінде ХЭОТ	
қарыз							

алу ши лар ды н сан ы	шарттар дың саны		карыз алушыларды н саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	карыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	карыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	Бор ыш сом асы
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

Өтініш қаралуда

Микроқаржы үйымы микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту жөнінде өз ұсыныстарын жолдады, қарыз алушы берілген етінішті кері қайтарып алды, қарыз алушы оның қаржылық жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттарды ұсынудан бас тартты, қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа ұсынылған өзгерістерге кол қоймады (көрекін көрсету керек)

Барлығы			олардың ішінде XӘОТ			Барлығы			олардың ішінде XӘОТ		
қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қар ыз алу ши лар ды н сан ы	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

2021 жылғы 16 шілдедегі № 82

Микрокредит беру туралы  
шарттың талаптарына  
өзгерістерді қарау  
қағидаларына  
3-қосымша

**Ескеरту. Қағидалар 3-қосымшамен толықтырылды - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.01.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Нысан

Қарыз алушы - жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарына енгізілген өзгерістер (үйымның атауы) туралы ақпарат, \_\_\_\_\_ жылғы 1 \_\_\_\_ жағдай бойынша (есепті жылдың басынан бастап өсті)

(сомалар мың теңгемен)

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер іске асырылды			
	Барлығы	олардың ішінде XӘОТ*	

Карыз түрі	қарыз алушы лардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушы лардың саны	шарттардың саны	бо	ры
A	1	2	3	4	5	6	ш со ма сы
1.	Кепілсіз микрокредиттер						
1.1	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы заңың 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес келетін микрокредиттер						
2.	Кепілді микрокредиттер						
2.1	оның ішінде ипо-текамен қамтама-сыз етілген						

\* ХӘОТ – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар.

Карыз түрі	оның ішінде:					
	Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ		
	қарыз алушы лардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушы лардың саны	шарттардың саны	бо
A	37	38	39	40	41	42
1.	Кепілсіз микрокредиттер					
1.1	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы заңың 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес келетін микрокредиттер					
2.	Кепілді микрокредиттер					
2.1	оның ішінде ипотекамен қамтамасыз етілген					

оның ішінде:

сыяқты мөлшерлемесін немесе сыйақты мәнін азайту түрінде	негізгі борыш және (немесе) сыйақты бойынша төлемді кейінге қалдыру түрінде
----------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------

Барлығы	олардың ішінде ХӘОТ	Барлығы	олардың ішінде ХӘОТ

									борыш	
ка ры з ал уш ыл ар ды н са ны	шартт ардың саны	борыш сомас ы	қарыз алуши лар-ды н саны	шарттардың саны	борыш сомас ы	қарыз алушилар дың саны	шартт ардың саны	борыш сомасы	қарыз алуши ларды н саны	шартт ардың саны

																сомас ы
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18					

оның ішінде:

оның ішінде:

оның ішінде:

сатып алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлкіті өткізу түрінде						Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістердің өзге түрі (қайсысын көрсету керек)					
Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ			Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушы лардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушы лардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушы лардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушы лардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
55	56	57	58	59	60	61	62	63	64	65	66

оның ішінде:

мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың), комиссиялардың және өзге де төлемдердің күшін жою түрінде

Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қ а р ы з алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
31	32	33	34	35	36

Өтініштер жақсарту талаптарын қолдану үшін қаралуда

Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қ а р ы з алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
67	68	69	70	71	72

2021 жылғы 16 шілдедегі № 82

Микрокредит беру туралы  
шарттың талаптарына  
өзгерістерді қарастыру  
қағидаларына  
4-қосымша

**Ескеरту. Қағидалар 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.01.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Нысан

Қарыз алушы - жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту себептері (ұйымның атауы) туралы ақпарат, \_\_\_\_\_ жылғы 1 \_\_\_\_\_ жағдай бойынша (есепті жылдың басынан бастап)

(сомалар мың теңгемен)

Қарыз түрі		Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тартылды					
		Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ*		
		қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
A		1	2	3	4	5	6
1.	Кепілсіз микрокредиттер						
1.1	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы заңның 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес						

	келетін микрокреди ттер					
2.	Кепілді микрокреди ттер					
2.1	оның ішінде ипотекамен қамтамасыз етілген					
Қарыз түрі		қарыз алушының өтімді кепілі/салымы/өзге мұлкі бар (микроқаржы ұйымының талдауы бойынша немесе растайтын құжат болған жағдайда)				
		Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ	
		қарыз алушылард ың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылард ың саны	шарттардың саны
A		31	32	33	34	35
1.	Кепілсіз микрокреди ттер					
1.1	олардың ішінде Микроқарж ылық қызмет туралы заңның 4- бабы 3-1- тармағына сәйкес келетін микрокреди ттер					
2.	Кепілді микрокреди ттер					
2.1	оның ішінде ипотекамен қамтамасыз етілген					

\* ХӘОТ – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар;

\*\*"Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын үйым қарыз алушысының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларын және шекті мәнін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 215 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19670 болып тіркелген).

**оның ішінде мынадай себептер бойынша:**

төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі берілген жағдайда қарыз алушының борыш жұктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейінен асып кету  
\*\*

қарыз алушы өзінің қаржылық және әлеуметтік жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттарды ұсынбаған

Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ				Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ			
қарыз алушы шарттар дың саны	борыш алушыл ардың саны	карыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы			
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18		

**оның ішінде мынадай себептер бойынша:**

карыз алушының атына алаяқтық тәсілмен алынған			үшінші тұлға өтінішті қарыз алушының сенімхатының берді									
Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ				Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	
37	38	39	40	41	42	43	44	45	46	47	48	

**оның ішінде мынадай себептер бойынша:**

бұған дейін қайта құрылымдау/кейінге қалдыру мүмкіндігі (екі реттен артық) берілген болатын			міндеттемелерді орындауга мүмкіндік беретін қарыз алушының кірісінің жеткілікті мөлшері (микроқаржы ұйымының талдауы бойынша)									
Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ				Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	

**оның ішінде мынадай себептер бойынша:**

			микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тартудың өзге себептері ( себебін көрсетеу керек)								
Барлығы		олардың ішінде ХӘОТ			Барлығы	олардың ішінде ХӘОТ					
қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
49	50	51	52	53	54	55	56	57	58	59	60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК